

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы N 17 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 ақпандағы N 159-1 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Тұтыну нарығындағы бағаны тұрақтандырудың жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы N 17 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтар тізбесі мен
к ө л е м і н д е :

"Болжамды сақтау көлемі (тонна)" бағанында "(тонна)" деген сөз алынып тасталсын ;

"DDP ИНКОТЕРМС 2000 шартындағы бағасы (теңге/тонна)" бағанындағы "тонна" деген сөз "өлш. бірл." деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1-жолдың "Өлш. бірл" бағанындағы "тн" деген аббревиатура "мың л." деген сөзбен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 2-жолдың "Өндіруші ел" бағанындағы "импорт" деген сөз алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі